

**Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылы тіркеуді өткізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы әкімінің 2011 жылғы 06 желтоқсандағы N 19 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 23 желтоқсанда N 5-13-102 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 20 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Катонқарағай аудандық әкімдігінің 2012.03.12 N 20 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 1, 2 тармақтарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес  
**Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Катонқарағай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуге алуы жүргізілсін.

2. «Катонқарағай ауданының № 1 медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры Д.Қ. Молдажановқа  
**ұ с ы н ы л с ы н :**

1) азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу үшін қажетті мөлшерде дәрігер мамандарды және орта буын медициналық қызметкерлерді бөлу;

2) азаматтардың кеуде мүшелерін флюорографиялық тексеру, кардиологиялық және басқа тексеру түрлерінің қабылдануын ұйымдастыру;

3) шақыруға дейінгілерді тексеру және емдеуді қамтамасыз ету.

3. Ауылдық округтердің әкімдері, мемлекеттік білім мекемелерінің басшылары ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелуге жататын әскер жасына дейінгілерді шақырылғаны туралы хабардар етуді және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

4. Катонқарағай ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы Т.С. Қолдыбаевқа

медициналық комиссия жұмысы кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің хабарландыруы бойынша тіркеуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және шақыру учаскесіне жеткізуге жәрдемдесу ұсынылсын.

5. Катонқарағай ауданының білім беру, спорт және дене шынықтыру бөлімінің бастығы Л.Ж. Тоқсанова ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы А.Д. Қаңтарбаевқа (келісім бойынша) тіркеуге алу кезінде әскери-оқу орындарына түсу үшін үміткерлерді іріктеуге қолдау көрсетсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Т. Құрмабаевқа жүктелсін.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Бекбосынов*

*Келісілді:*

*Катонқарағай ауданының  
қорғаныс істері жөніндегі*

*бөлімінің бастығы*

*А.Д. Қаңтарбаев*

*2011 ж. 06 желтоқсан*

*істер бөлімінің бастығы*

*Катонқарағай ауданының ішкі*

*Т.С. Қолдыбаев*

*2011 ж. 06 желтоқсан*

*КМҚК директоры*

*№ 1 «Катонқарағай ауданының  
медициналық бірлестігі»*

*Д.Қ. Молдажанов*

*2011 ж. 06 желтоқсан*